


«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметі

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2025



# МАЗМҰНЫ



1-бөлім



2-бөлім



3-бөлім



4-бөлім



## ДББҰ ТУРАЛЫ

Негізгі 10 жетістік	5
Әр айдағы негізгі оқиғалар	7
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқару органдары мен басқару құрылымы	9
ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы	11

## 1-БӨЛІМ. НЗМ: КЕМЕЛДІККЕ ҰМТЫЛУ

Оқушылар контингенті	15
Оқушылардың жан-жақты дамуы	21
Зияткерлік мектептер педагогтерінің кәсіби қоғамдастығы	31
Мектеп қауымдастығының әл-ауқаты	39
Білім сапасын бағалау	45
Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижесі	51

## 2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН: БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Білім беру ресурстары	60
Қосымша білім беру	68
Қазақстан Республикасының педагогтерін кәсіби дамыту және білім беру саласында өзгерістер көшбасшыларын даярлау	72
Қазақстан мектептерінің кәсіби қоғамдастығын дамыту	76
Білім беру ұйымдарын бағалау және аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттік	78

## 3-БӨЛІМ. ӘЛЕМ: GLOBAL EDUCATION BRAND

NIS-Programme білім беру бағдарламасы мен NIS сертификатының танылуы	82
Халықаралық ынтымақтастық	84
Халықаралық байқаулар мен конференциялар	88

## 4-БӨЛІМ. ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Іргелі негіздер	95
Негізгі қолдаушы факторлар	99
Ұйымды трансформациялау	107

## ҚОСЫМША

Глоссарий	111
Халықаралық олимпиадалар мен байқаулар жеңімпаздарының тізімі	113

## 2025 жылдағы негізгі 10 жетістік

1

NIS жүйесіне 360 оқушыға арналған жаңа мектеп – International Steppe School of Almaty by NIS қосылды. Бастауыш және орта буын оқушылары NIS-Programme бағдарламасымен білім алады.

2

2025 жылы NIS мектептерін 2 849 түлек бітіріп шықты. Оның: 98,5%-ы жоғары оқу орындарына түсті; 91%-ы білім беру гранттарына ие болды; 72,5%-ы Қазақстандағы университеттерді таңдады; 26%-ы шетелдік университеттерге түсті; 9 түлек Ivy League университеттеріне қабылданды; 220 түлек QS World University Rankings рейтингіндегі университеттерге оқуға түсті. Бүгінде NIS түлектерінің жалпы саны – 23 705.

3

NIS оқушылары халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми байқауларда 357 медаль жеңіп алды (105 алтын, 114 күміс, 138 қола). Қазақстан құрамасының халықаралық олимпиадаларда жеңіп алған медальдерінің 44,4%-ы (18 жұлде) NIS оқушыларының үлесінде. NIS Almaty-Medeu командасы 190 елдің оқушылары қатысқан FIRST Global Challenge халықаралық роботтехника чемпионатында (Панама-Сити) төртінші рет әлем чемпионы атанды. 48 авторлық құқық пен 5 патент тіркелді.

4

NIS Atyrau және NIS Aktau мектептері Council of International Schools (CIS) ұйымының қайталама аккредитациясынан сәтті өтті. NIS Turkistan CIS ұйымының мүшесі мәртебесіне ие болды.



5

International Steppe School of Astana by NIS мектебі IB World School мәртебесін растады. Мектеп Халықаралық бакалавриаттың бағалау рәсімінен сәтті өтіп, PYP, MYP және DP бағдарламалары талаптарына толық сай екенін тағы да дәлелдеді.

6

Дәстүрлі «XIV NIS Conference – 2025» халықаралық конференциясында 1 500-ден астам отандық және шетелдік педагог пен сарапшы цифрлық дәуірдегі мектеп болашағын талқылады. Конференцияға әлемнің 30 елінен 1 390 тыңдаушы, сондай-ақ 24 шетелдік және 48 қазақстандық спикер қатысты.

7

«Ауылдық өңірлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында жобаға 58 мектеп қосылып, тірек мектептердің саны 193-ке жетті. Алғаш рет ауылдардағы тірек мектептердің 14 мұғалімі Жапонияның Хиросима қаласында өткен «WALS 2025» халықаралық конференциясында Lesson Study бойынша тәжірибелерін таныстырып, қазақстандық білім беру жүйесінің әлеуетін көрсетті.

8

«Білім берудегі өзгерістердің 1 000 көшбасшысы» жобасы аясында NIS Педагогикалық шеберлік орталығы республикалық кадр резервіне енгізілген 779 болашақ мектеп директорын (оның ішінде 2025 жылы – 403 адам) даярлады.

9

NIS Педагогикалық өлшеулер орталығының 59 маманы арнайы дайындықтан өтіп, тәуелсіз сарапшы-аккредитатор сертификаттарын алды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша NIS аккредиттеу органына жалпы білім беретін 3 мектеп қосылды.

10

NIS түлектері мектептерге 15 млн-нан аса теңге аударып, қаржылай қолдау көрсетті. Сонымен қатар NIS Alumni қауымдастығы 7 ауыл мектебінде білім беру іс-шараларын өткізді. Оған 500-ден астам оқушы қатысты.

# Әр айдағы негізгі оқиғалар

## Қаңтар 2025 ж.

ДББҰ-ның 22 қызметкері Bottisham Village College базасында (Кембридж, Ұлыбритания) Evans Educational Consultants Ltd (Ұлыбритания) компаниясының қатысуымен «Мектеп және сынып деңгейінде білім беру үдерісін дамыту үшін Action Research әдісін кіріктіру» тақырыбында біліктілікті көтеру курсынан өтті.

## Ақпан 2025 ж.

Аккредитация бойынша сарапшылардың бірінші легі даярланып, 16 сарапшы сертификат алды.

## Наурыз 2025 ж.

NIS алғаш рет жасанды интеллект бойынша желілік олимпиада өткізді. 150-ден астам оқушы ЖИ қолданбалы тапсырмаларын орындап, күрделі кейстермен жұмыс істеді.

## Маусым 2025 ж.

Алғашқы 40 тыңдаушы оқуды сәтті аяқтап, сертификаттар алды.

Педагогикалық шеберлік орталығының PGCE (Post Graduate Certificate of Education) жобасы Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің Кембридж университеті Білім беру факультетінің қолдауымен бекітілген консорциум аясында 2023 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама педагогикалық білімі жоқ тұлғаларға арналған және кәсіби қайта даярлауға бағытталған.

## Мамыр 2025 ж.

Алматы қаласында Lesson Study тәсілін енгізу бойынша білім берудің тиімді тәжірибелерін таратуға және педагогтер мен зерттеу саласындағы сарапшылардың өзара кәсіби әрекетін дамытуға бағытталған «Кәсіби диалог: Lesson Study оқытуды қалай өзгертеді» атты ұлттық конференция өтті. Конференцияға 543 педагог, оның ішінде Қырғыз Республикасының 42 өкілі қатысты.

## Сәуір 2025 ж.

NIS Turkistan мектебі Council of International Schools (CIS) ұйымына мүше болды. Бұл мүшелік мектептің 2025 жылдың 1 маусымынан бастап CIS аккредитациясына үміткер мәртебесіне ие болуына мүмкіндік берді.

## Шілде 2025 ж.

NIS әзірлеген оқулықтар мен оқу-әдістеме кешендері Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарының оқулықтары тізіміне енгізілді:

4-сынып – Жаратылыстану / Естествознание (базалық оқулықтар);

7-сынып – Көркем еңбек / Художественный труд (ұлдар мен қыздарға арналған нұсқалар, балама оқулықтар).

## Тамыз 2025 ж.

21-22 тамыз күндері NIS Oskemen базасында NIS педагогтеріне арналған «Құндылықтар – білім берудің қозғаушы күші» тақырыбында аралас форматта Тамыз конференциясы өтті.

## Қыркүйек 2025 ж.

21 NIS мектебінде «Бейім ұстаз» жүйесі арқылы ұйымның сараптама әлеуетін коммерцияландырумен айналысатын Инновациялар орталықтары жұмыс істейді. Сату негіздері және клиентке бағдарлану бойынша қызметкерлерді оқыту нәтижесі орталықтарға оң әсер етіп, қаржы тұрақтылығын қамсыздандыруға мүмкіндік берді.

## Желтоқсан 2025 ж.

NIS оқушылары халықаралық пән олимпиадаларында 18 медаль жеңіп алып, Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройын көтерді:

- 7 алтын
- 8 күміс
- 3 қола.

Олимпиада жүлдегерлерін алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдап құттықтады.


## Қараша 2025 ж.

Cambridge University Press & Assessment көрсететін қызметтердің Жылдық шолуы өткізіліп, білім беру саласындағы негізгі мәселелер талқыланды.

## Қазан 2025 ж.

NIS Kostanay мұғалімі С.И. Шерцер ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұйымдастырған «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпазы атанды.

# «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқару органдары және басқарма құрылымы



# ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясы



## БІЗДІҢ МИССИЯ

Біз отандық және халықаралық үздік тәжірибені үйлестіріп, ұлттық және жаһандық деңгейде зияткерлік әлеуетті көтеруге ұмтыламыз.



## ҰСТАНЫМ

Біздің мектептер оқушылардың, педагогтердің және барша мектеп қоғамдастығының академиялық жетістікке жетуіне, жайлы ортада дамуына ықпал ететін білім мен тәрбиені ұштастыру философиясын ұстанады.



Біз педагогтердің үздіксіз кәсіби даму, өзара тәжірибе алмасу арқылы өзгерістер көшбасшысы болуына мүмкіндік беріп, Қазақстандағы білім беру сапасын көтеруге үлес қосамыз.



Қазақстанның білім беру жүйесінің беделін көтеруге ұмтылысымыз жаһандық білім беру аренасында көрінуде.



## ҚҰНДЫЛЫҚТАР

- ҚҰРМЕТ
- АШЫҚТЫҚ
- ОТАНСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК
- ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
- АДАЛДЫҚ
- ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІ
- ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӘЛ-АУҚАТ
- ЖАҒАН АЗАМАТЫ

## СТРАТЕГИЯ КЕЗЕҢДЕРІ

2025 жылдың соңына дейін

**1-кезең.** Ұйым трансформациясы

2030 жылдың соңына дейін

**2-кезең.** Тұрақты даму үшін іргелі негіздер қалыптастыру

2035 жылдың соңына дейін

**3-кезең.** Ұзақмерзімді бастамаларды ауқымдау



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

### НЗМ: кемелдікке ұмтылу

1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ
2. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ
3. МЕКТЕПТЕГІ ӘЛ-АУҚАТ ИНДЕКСІ

### ҚАЗАҚСТАН: білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту

4. БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕР КӨШБАСШЫЛАРЫН ДАЙЫНДАУ
5. ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҒЫН ДАМУ
6. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК

### ӘЛЕМ: Global Education Brand


7. INTERNATIONAL CURRICULUM
8. БІЛІМ БЕРУ ӨНІМДЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІН ШЕТЕЛГЕ ЭКСПОРТТАУ
9. NIS-PROGRAMME, NIS GRADE 12 CERTIFICATE-тің ТАНЫЛУЫ

# 1

бөлім

## НЗМ: кемелдікке ұмтылу

1. ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ.....	14
1.1. Желі және оқушылар контингенті.....	14
1.2. Оқушыларды конкурс арқылы іріктеу.....	16
1.3. Виртуалды және каникул кезіндегі мектептер.....	18
2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ .....	20
2.1. Зияткерлік даму.....	20
2.2. Оқушылардың жан-жақты дамуы.....	24
2.3. Әлеуметтік және эмоциялық даму.....	25
2.4. Физикалық даму.....	26
2.5. Адамгершілікке баулу.....	27
2.6. Түлектер қауымдастығы .....	28
3. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕР ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫ 30	
3.1. Педагог кадрларды іріктеу және кадр резерві.....	30
3.2. Кәсіби кадрлық әлеует.....	32
3.3. Кәсіби даму және өсу.....	34
3.4. Педагогтердің жетістіктері .....	36
4. МЕКТЕП ҚОҒАМДАСТЫҒЫНЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ .....	38
4.1. Оқушылардың әл-ауқаты.....	38
4.2. Педагогтердің әл-ауқаты.....	39
4.3. Психологиялық қызмет.....	40
4.4. Медициналық қызмет.....	42
5. БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУ .....	44
5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жасау.....	44
5.2. Зияткерлік мектептердегі критериал бағалау жүйесі.....	45
5.3. 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауы (ЖБ).....	46
5.4. Оқушылардың когнитивтік емес дағдыларын бағалау.....	47
5.5. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу.....	48
6. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ .....	50
6.1. Оқу үлгерімі және білім сапасы .....	50
6.3. Халықаралық емтихандар нәтижелері .....	52
6.4. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі .....	54



# 1. Оқушылар контингенті

## 1.1. Желі және оқушылар контингенті



18 017

Зияткерлік мектептер оқушыларының саны



19 869

Желі арқылы оқушылар

NIS-те әртүрлі әлеуметтік топқа жататын оқушылар білім алады. 2025 жылдың 1 қазанында нақтыланған оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі:

### Оқушылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі



\* 2025 жылдың соңындағы балабақша тәрбиеленушілерін де есепке алғандағы мәлімет


2025 жылдың соңындағы мәлімет бойынша 21 NIS мектебінде 18 017 оқушы бар (кестені қараңыз). ISS Astana-да 1567 оқушы, балабақшада 158 тәрбиеленуші, ISS Almaty-да 285 оқушы.

Соңғы үш жылда Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының саны 7%-ға өсті (1294 оқушы). Бұл көрсеткіш желінің кеңейгенін және оқушы қабылдаудың артқанын көрсетеді.



## 1.2. Оқушыларды конкурс арқылы іріктеу

### 2023–2025 жылдардағы конкурс арқылы іріктеу нәтижелерінің сандық деректері



2023–2025 жылдар аралығында конкурсқа қатысуға құжат тапсырған үміткерлер санының тұрақты өскені байқалады:

- 2024 жылы үміткерлер саны 2023 жылмен салыстырғанда **22,4%**-ға өскен;
- 2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылы көрсеткіш **5,7%**-ға артқан;
- 2023–2025 жылдардағы жалпы өсім **29,4%**.


2025 жылы кешенді тестілеуге **28 926** үміткер қатысты. **13 347 (46,1%)** үміткер шекті балл жинады: олардың **8 386-сы (62,8%)** қазақ тілінде, ал **4 961-і (37,2%)** орыс тілінде білім алушылар. «Өркен» гранты **2 664** үміткерге берілді. 1 орынға орта есеппен **10,9** адам үміткер тіркелген.

### Конкурста бір орынға түскен үміткерлер саны (2025 ж.)




2023–2025 жылдары қала және ауылдардан келген үміткерлердің арақатынасы тұрақты болып қалды: қаладан келген үміткерлердің үлесі **84%**-дан **85,6%**-ға дейін, ал ауылдан келгендердің үлесі **14,4%**-дан **16%**-ға дейін. 2025 жылы үміткерлердің қатысуы алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өзгермеген. Бұл қатысудың тұрақты әрі салыстырмалы деңгейде сақталғанын көрсетеді.

### 2023–2025 жылдардағы қала және ауылдардан келген үміткерлер санының арақатынасы



Есеп кезеңінде (2025 жыл) үміткерлердің кешенді тестілеудегі орташа балы – 758,1. Бұл көрсеткіш 2024 жыл көрсеткішінен **24,6** балға (733,5 балл), 2023 жыл көрсеткішінен **18,5** балға жоғары (739,6 балл). 2025 жылы шекті балл алған үміткерлердің орташа балы – 939,3. Бұл 2024 жыл деңгейінен **8,9** балға (948,2 балл), 2023 жыл көрсеткішінен **29,1** балға төмен (968,4 балл). Грант иегерлерінің орташа балы 1182,3 балдан асып, 2024 және 2023 жылдардағы көрсеткіштерден **18,5** және **57,1** балға (1163,8 және 1125,2 балл) асып түсті. 2023–2025 жылдардағы кешенді тестілеу нәтижелерін салыстырмалы талдауда байқалғандай, 2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы жалпы үміткерлердің, сондай-ақ грант иегерлерінің орташа балы өскен, сонымен бірге шекті еңсергендердің **орташа балы** төмендеген.

### 2023–2025 жылдардағы кешенді тестілеудегі үміткерлердің нәтижелері



### 1.3. Виртуалды және каникул кезіндегі мектептер

#### 2025 жылы «Виртуалды мектеп» жобасын жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарынан қатысқандардың саны:

##### 5-сыныптар



**682**

оқушы

##### 6-сыныптар



**1957**

оқушы

#### 2025 жылы «Каникул кезіндегі мектеп» жобасын жүзеге асыру

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарынан қатысқандардың саны:

##### 5-сыныптар



**261**

оқушы (38 %)

##### 6-сыныптар



**858**

оқушы (44 %)

Олардың ішінен қорытынды тестілеуде шекті балл жинап, әрі қарай оқуға өтті



ҚАЗ / РУС

- Басты бет
- Конкурс арқылы іріктеу
- Нұсқаулық
- Байланыс
- Жиі қойылатын сұрақтар

## NIS – ВИРТУАЛДЫ МЕКТЕБІ

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептердің 5 және 6-сынып оқушыларын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына «Өркен» білім беру грантымен қабылдау конкурсына дайындауға арналған.


КІРУ



## 2. Оқушылардың жан-жақты дамуы

### 2.1. Зияткерлік даму

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасын жетілдіру және енгізу



#### Жоғары мектептің оқу бағдарламаларын жаңарту (12-сыныптар)

NIS-Programme білім беру бағдарламасын жетілдіру аясында жоғары мектептің 12-сыныбының 18 пәні оқу жоспарларын қайта қарау.

Оқу жоспарларын оқушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыруға баса назар аудара отырып жаңарту.



#### Оқу бағдарламаларын енгізу мониторингісі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme білім беру бағдарламасының жаңартылған оқу бағдарламаларын Семей, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Атырау, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Тараз және Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептерге енгізу үдерісін мониторинг арқылы зерттеу.

### Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді NIS-Programme бағдарламасына сәйкес әзірлеу және қайта қарау

#### Апробация



**9-сыныпқа арналған 9 пән бойынша 14 оқулық пен ОӘК апробацияда:**

*Дүниежүзі тарихы*  
*Қазақстан тарихы*  
*Өнер*  
*Информатика*  
*Математика*  
*Физика*  
*Химия*  
*Биология*  
*География*

#### Апробация



**8–9-сыныптарға арналған 4 пән бойынша 8 оқулық пен ОӘК апробацияда:**

*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)*  
*Русский язык и литература (Я1)*  
*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)*  
*Русский язык и литература (Я2)*

#### Енгізу



**7-сыныпқа арналған 4 пән бойынша 4 оқулық пен ОӘК енгізілді:**

*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)*  
*Русский язык и литература (Я1)*  
*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)*  
*Русский язык и литература (Я2)*

#### Әзірленуде



**10-сыныпқа арналған 13 пән бойынша 18 оқулық пен ОӘК әзірленуде:**

*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)*  
*Русский язык и литература (Я1)*  
*Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)*  
*Русский язык и литература (Я2)*  
*Дүниежүзі тарихы*  
*Қазақстан тарихы*  
*Өнер*  
*Информатика*  
*Математика*  
*Физика*  
*Химия*  
*Биология*  
*География*

## Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының «Адал азамат» біртұтас даму тұжырымдамасы

Бұл тұжырымдама жас ұрпақты қазіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайындау мақсатымен оқытуды, дамытуды, құндылықтарды сіңіруді, физикалық денсаулығын нығайтып, тұрақты экологиялық ойлау қабілетін күшейтуді үйлестіретін біртұтас тәсілдерді және озық білім беру әдістемелерін енгізуді қамтитын бірегей білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

### 2.1. Зияткерлік даму

**44,4 %** 7 беделді халықаралық пән олимпиадасында **ҚР құрамасының** құрамында, сондай-ақ IEO, IOAI, IOAA және IESO-да NIS-тің **29** оқушысының **24**-і жеңімпаз және жүлдегер атанды.

**75,4 %** Зияткерлік мектептердің **114** оқушысы **19** халықаралық олимпиадаға қатысты, оның **86**-сы жеңімпаз және жүлдегер атанды.

**80,1 %** 3 республикалық олимпиадаға **141** оқушы қатысып, оның **113**-і жеңімпаз және жүлдегер атанды.

19–20 наурыз аралығында алғаш рет жасанды интеллект бойынша желілік олимпиада өтті. Оған 150 NIS оқушысы қатысты. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне KBTU, Astana IT Univeristy университеттерінде оқуға 100% грант, сондай-ақ ISSAI-де жазғы ғылыми тағылымдамадан өтуге 3 грант берілді.

2025 жылы 11 тамызда Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 7 беделді халықаралық олимпиаданың жеңімпаздары және жүлдегерлерімен кездесті. Оқушыларға 13 000 АЕК (51 116 000 теңге) көлемінде ақша сертификаттары табысталып, жүлдегерлерді дайындаған педагогтер марапатталды.



жеңімпаздары және жүлдегерлерімен кездесті. Оқушыларға 13 000 АЕК (51 116 000 теңге) көлемінде ақша сертификаттары табысталып, жүлдегерлерді дайындаған педагогтер марапатталды.

Бурабай қаласында екінші рет **Республикалық және халықаралық олимпиадалардың, сондай-ақ ғылыми жобалар конкурстарының жүлдегерлері мен жеңімпаздарының форумы** ұйымдастырылды. **Форумда ДББҰ Басқарма Төрағасы** олимпиада қозғалысының қорытындысы мен жетістіктерін баяндап, бұл үрдісті одан әрі дамытудың негізгі бағыттарын көрсетіп берді.

Халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері болған түлектер Валеев Рустам мен Исмагулов Темирлан **«Шапағат» медалімен** марапатталды. Ал Давлетова Аида **Лингвистика халықаралық олимпиадасының (IOL) тапсырмаларын құрастыру комитетіне** қабылданған Орталық Азиядан шыққан алғашқы өкіл болды.

### Ғылыми жетістіктер портфелі



**58**

халықаралық ғылыми жобалар байқауларының жеңімпазы



**156**

республикалық ғылыми жобалар байқауларының жеңімпазы

### Инновациялар және марапаттар



**5**

патент



**48**

авторлық куәлік



**68**

білім беру гранты



**29 948 000 тг**  
және **28 500 \$**

жүлде қоры

НЗМ ДББҰ құрама командасы – ғылыми жобалар байқауында «Best Team» атағының **5 мәрте** иегері.



**1 - орын**

жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша



**3 - орын**

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша

## 2.2. Қазақстандық бірегейлікті дамыту

оқушылардың **98 %** -ы

«Ұрпақтар сабақтастығы», «100 күйдің тарихы», «Қазақ әндері», «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Менің кіші Отаным», «Апталық ауыл өмірімен танысу», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер» жобаларына қатысты.



оқушы **1494**

Домбырашылардың Қазақстан Республикасы күніне арналған жыл сайынғы флешмобына қатысты.



**3100-ден астам**

7-сынып оқушысы «Домбыра» міндетті жобасына қатысты және «Кеңес», «Келіншек» күйлерін орындады.

**98 оқушы**

«Тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны желілік спартакиадасына қатысты.

**64 жоба**  
**28 жүлделі орын**

Ғылыми жобалар конкурсының желілік кезеңінде «Туған елге тағзым» зерттеу-өлкетану экспедициясының қорытындысы.

## 2.3. Әлеуметтік және эмоциялық даму

Әр сабақ, жоба, электив курс және үйірме оқушыларды әлеуметтік-эмоциялық тұрғыдан дамытуға бағдарланған.



**98 %**

Зияткерлік мектептердің оқушылары әлеуметтік жобаларға, практикаларға және акцияларға белсенді қатысады.

**329**

экоакция өткізді.

«Шаңырақ» қауымдастығы арқылы үлкендердің кішілерге тәлімгер болу жүйесі.

**44 оқушы**

жыл сайын өткізілетін «Jana urpaq: Ignite to unite» кешбасшылар форумына қатысты.

**3200-ден астам**

8-сынып оқушысы «Қоғамға қызмет ету» міндетті жобасына тартылды.

**2800-ден астам**

11-сынып оқушысы «Менторлық» міндетті жобасына тартылды.



## 2.4. Физикалық даму



оқушылардың **90 %-ы** спорттық іс-шараларға тартылды



**3400** - ден астам оқушы «Workout» (9-сыныптар) міндетті жобасына қатысады



**350** оқушы волейбол желілік спартакиадасына қатысады



**208** оқушы шахмат желілік спартакиадасына қатысады



**66** оқушы үстел теннисі желілік спартакиадасына қатысады

## 2.5. Адамгершілікке баулу

**422** оқушы спорттық іс-шараларға тартылған

**98 %** «Қоғамға қызмет ету» жобасы аясында 236 іс-шараға қатысқан оқушылардың үлесі

**301** шығармашылық іс-шара. Шығармашылық байқаулардағы жүлделі орындар саны:



**170** республикалық байқау



**121** халықаралық байқау



### El Umiti Cup 2025

Қазақ және ағылшын лигаларының «Debat Eli» ҚҚ-мен бірлескен республикалық дебат турнирі өткізілді, оған жалпы білім беретін мектептердің **350**-ден астам оқушысы, оның ішінде Зияткерлік мектептердің **110** оқушысы қатысты.



## 2.6. Түлектер қауымдастығы

**23 705** түлек

Alumni NIS — құндылықтары ортақ, тәжірибелі және қоғам алдында жауапкершілік алған адамдарды біріктіретін Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерінің қауымдастығы. Қауымдастық түлектер, мектептер мен оқушылар арасындағы байланысты сақтау, сондай-ақ жас ұрпаққа білім беру, мүмкіндіктер көзін көрсету және қолдау білдіру үшін қажет.

### Жобалардың негізгі бағыттары



#### Медиа жобалар

Түлектердің өмір жолдары туралы әңгімелеу арқылы жас буынға арналған ақпараттық және шабыттандыратын контент жасау, бағдар қалыптастырып, мотивация беру



#### Білім беру және менторлық

Түлектердің зияткерлік әлеуетін пайдаланып, қоғамның өзекті мәселелерін шешу, өңірлердегі қауымдастықтарға көмек көрсету үшін адами капиталды қолдану



#### Әлеуметтік жобалар

Қоғамның әл-ауқатын көтеруге, әлеуметтік жауапкершілікті күшейтуге және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға бағытталған бастамалар

Alumni NIS мақсаттары – мықты және белсенді қауымдастық қалыптастырып дамыту, білім беру мен әлеуметтік бастамаларға үлес қосу, оқушылар мен студенттерге ментор болу, өңірлерді қолдау, көшбасшылық пен қоғамға қызмет ету құндылықтарын насихаттау.

Қауымдастық түлектерге жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, NIS ықпалын күшейтуге және «giving back» мәдениетін қалыптастыруға – қоғамға пайда келтіруге көмектеседі.

## Негізгі оқиғалар

- 2025 жылы Alumni NIS 21 өңірлік, Қазақстан, Еуропа, Азия, АҚШ және БАӘ-ні қамтыған 6 университеттік және 11 халықаралық амбассадордан тұратын ауқымды желі құрды.
- Reconnect және Talim жобалары арқылы түлектердің деректер базасы өзектендіріліп, Telegram-платформа 20-дан аса елдегі чаттардағы 5 800-ден аса қатысушыны біріктірді, онда түлектер күн сайын оқушылармен тәжірибе алмасады.
- Alumni NIS (Beles, Belester Bagynuda, Ayaldama) қауымдастығының медиа жобалары жалпы есеппен 1 000 000-нан көп қаралған.
- Quryltai аясында 10+ ЖОО-да офлайн-кездесу, 120+ қатысушыға арналған жалпықалалық форум, 40 көшбасшыға арналған кэмп және 6 елде халықаралық кездесу өткізілді.
- NIS Challenge жобасына 22 мектеп, 250 команда, 1 365 оқушы және 299 түлек қатысып, бүкіл ел бойынша 462 сыйлық берілді.
- Әлеуметтік және білім беру бастамаларына (Osiet, Mentors Hub) 450-ден астам ауыл оқушысы тартылды, 120 оқушы үйренуші тәлімгерлерден ағылшын тілі курсын тыңдады. 46 тәлімгер арнайы сапармен барып та, онлайн да оқытты.
- Alumni NIS-тің фандрайзинг қызметі 150-ден аса қатысушыны біріктіріп, 4 млн ₸ жинауға, сондай-ақ білім беруші және технологиялық серіктестермен 7 меморандумға қол қоюға мүмкіндік туғызды.
- Түлектер мектептердің мерейтойларына (Алматы-Наурызбай, Ақтау, Петропавл) орай «Махаббатпен, түлектер!» челленджін бастады.

Көрсеткіш	2025 жылғы нәтиже
Alumni NIS қауымдастығының қызметі туралы хабардар түлектердің үлесі	<b>73,18 %</b>
Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектерінің жалпы санынан Alumni NIS қауымдастығына қосылған түлектердің үлесі	<b>38,51 %</b>
ДББҰ және Alumni NIS қауымдастығының әртүрлі жобалары мен іс-шараларына қатысатын түлектер саны	<b>4305</b> түлек
Мансаптық және кәсіптік даму бағдарламаларына қатысатын түлектер саны	<b>1761</b> түлек
NIS Ambassador бар ҚР және шетелдік жоғары оқу орындарының саны	<b>16</b> амбассадор
Қордың негізгі капиталының көлемі	<b>10,97</b> млн ₸.


## 3. Зияткерлік мектептер педагогтерінің кәсіби қоғамдастығы

### 3.1. Педагог кадрларды іріктеу және кадр резерві

2025 жылы педагог кадрларды конкурс арқылы іріктеу 11 маусымда, 4 және 15 тамызда – үш кезеңмен өтті. 2 957 педагог қатысқан бұл конкурс өткен жылдардағы көрсеткіштерден едәуір асып түсті: 2024 жылы – 1 998 адам (48%-ға өсті); 2023 жылы – 2 105 адам.

№	Мектеп	2023 жыл		2024 жыл		2025 жыл	
		барлығы	ұсын.	барлығы	ұсын.	барлығы	ұсын.
1	NIS Aktau	93	16	90	27	92	22
2	NIS Aktobe	68	15	73	26	78	20
3	NIS Almaty-Medeu	107	30	68	27	98	24
4	NIS Almaty-Nauryzbay	148	40	86	43	166	56
5	NIS Astana	72	26	104	36	114	35
6	ISS Astana	183	30	166	42	183	43
7	NIS Astana-Nura	150	42	96	26	123	48
8	NIS Atyrau	30	6	66	17	135	28
9	NIS Karaganda	68	11	77	24	139	40
10	NIS Kokshetau	65	12	104	26	99	27
11	NIS Kostanay	25	7	21	6	75	34
12	NIS Kyzylorda	35	6	32	12	146	40
13	NIS Pavlodar	79	15	74	29	123	29
14	NIS Petropavl	78	10	60	12	117	26
15	NIS Semey	80	16	75	22	135	28
16	NIS Taldykorgan	94	15	80	22	81	24
17	NIS Taraz	121	22	58	9	124	33
18	NIS Turkistan	301	52	326	68	387	87
19	NIS Oral	83	16	48	16	67	23
20	NIS Oskemen	48	13	61	14	98	23
21	NIS Shymkent-Abay	71	10	60	20	172	37
22	NIS Shymkent-Karatau	106	17	173	43	205	67
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>2105</b>	<b>427 (20 %)</b>	<b>1998</b>	<b>567 (28 %)</b>	<b>2957</b>	<b>794 (27 %)</b>

### Мектептер бойынша шекті деңгейден өткен үміткерлер



Бүкіл NIS желісі бойынша шекті деңгейден өткен үміткерлердің үлесі 27% болды, республикалық маңызы бар қалалардағы мектептерде (Алматы, Астана, Шымкент) бұл көрсеткіш 30% болса, облыс орталықтарында төмендеу – 25%.


2025 жылы ең жоғары өту деңгейі NIS Kostanay (45%), NIS Astana-Nura (39%) және NIS Almaty-Nauryzbay-да (34%) тіркелді, ал ең төмен көрсеткіш NIS Turkistan (22%), Shymkent-Abay (22%), Semey (21%) және Atyrau-да (21%) байқалды.

Конкурс арқылы іріктеудегі төмен нәтижелер үміткерлердің дайындық деңгейінің жеткіліксіздігімен және педагогикалық тәжірибесінің шектеулілігімен байланысты болуы мүмкін.


### 3.2. Кәсіби кадрлық әлеует

2025 жылы 31 желтоқсандағы мәлімет бойынша NIS мектептер желісі мен International Steppe School of Astana-дағы қазақстандық мұғалімдердің саны **2641**.

Оның ішінде: Зияткерлік мектептерде **2452**, ISS Astana-да **189** мұғалім.



Әйелдер мен ерлердің пайыздық қатынасы салыстырмалы түрде тұрақты.



Жас тобында 31–40 жас аралығындағы мұғалімдер саны көп (35–38%). 41–50 жас аралығындағы мұғалімдер үлесінің біртіндеп өсуі байқалады (19%-дан 24%-ға дейін), бұл көрсеткіш анағұрлым тәжірибелі санаттағы қызметкерлер үлесінің артқанын көрсетеді. 30 жасқа дейінгі жас мұғалімдердің үлесі тұрақты (20-24%), ал 51 және одан үлкен жастағы қызметкерлердің саны салыстырмалы деңгейде сақталған (19-21%). Бұл теңгерімді жас құрылымын көрсетеді.

Академиялық дәрежесі, %

Магистр


53 %

PhD

1.3 %

Педагогикалық шеберлік деңгейі тұрғысынан педагог қызметкерлердің сапа құрамында біліктілік деңгейі орташа мұғалімдер басым: ең көбі NIS модератор мұғалімдері (31,12%), NIS мұғалімдері (30,18%) және NIS сарапшы мұғалімдері (30,06%). NIS тағылымдамашы мұғалімдерінің үлесі 8,14%. Педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейіндегі мұғалімдер (зерттеуші және шебер) үлесі, жалпы алғанда, өте аз, шамамен 1%.

Педагогикалық шеберлік деңгейі, %



### Шетелдік педагогтер

2025 жылы үштілді білім беру ортасын дамыту, сондай-ақ қазақстандық мұғалімдердің академиялық деңгейі мен бейіндік пәндерді («Физика», «Химия», «Биология», «Информатика» және Халықаралық бакалавриат бағдарламасы пәндерін ағылшын тілінде) оқыту әдістемесі бойынша әлеуетін көтеру бағытындағы жұмыс шетелдік педагогтерді тарту арқылы жалғастырылды.


2025 жылы 31 желтоқсандағы көрсеткіш: Зияткерлік мектептерде 72 педагог қызмет атқарады, оның 12-сі – PhD (16%), 40-ы – магистр (55%), ал 35-і (48%) халықаралық сертификаттарға (PGCE, IBDP, TESOL, ESL, TEFL, CELTA) ие.

### 3.3. Кәсіби даму және өсу

#### Педагог қызметкерлерді аттестаттау


2024–2025 оқу жылының аттестаттау рәсімі 2025 жылы қаңтар-маусым айлары аралығында өтті. Аттестаттауға қатысуға **332** мұғалім өтініш берген. Аттестаттау қорытындысы бойынша 2025 жылы **299** мұғалім (90,1%) педагогикалық шеберліктің белгіленген деңгейіне аттестаттаудан сәтті өтті.

Аттестаттау нәтижелерінің динамикасы, %



Тағылымдамашы мұғалімдер үлесінің азаюы және «мұғалім-сарапшы» мен «мұғалім-зерттеуші» деңгейіндегі мұғалімдер санының артуы байқалады, бұл педагогикалық шеберлік деңгейлерінің дамуындағы оң динамиканы көрсетеді.

Педагогикалық шеберлік деңгейі бойынша құрамы, адам саны



### Педагогтерді әдістемелік қолдау және оқыту

**63** тренинг негізгі және жоғары мектеп пәндері бойынша

**1667** педагог НЗМ-де бүкіл желі бойынша

#### 1. NIS-Programme оқыту ерекшеліктерін түсіндіру тренингтері

NIS Kyzylorda, NIS Turkistan мұғалімдеріне негізгі және жоғары мектеп пәндері бойынша 16 семинар өткізілді. 103 педагог қатысты.

#### 2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні тренингтері (зерттеу жұмысы)

Тақырып: «Зияткерлік мектептер оқушыларының қазақ тілінде еркін сөйлеуіне кедергі келтіретін негізгі факторлар». Зерттеу жұмысы аясында NIS Petropavl, NIS Kokshetau және NIS Pavlodar-да тренингтер өткізілді, 61 NIS педагог қатысты.

#### 3. Негізгі және жоғары мектеп пәндері бойынша тренингтер (мектептер бойынша)

«Дүниежүзі тарихы» (NIS Turkistan, NIS Kostanay); «Ағылшын тілі», «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» (NIS Aktau, NIS Atyrau); «Графика және жобалау», «Дене шынықтыру», «Экономика» (20 NIS мектебінің педагогтеріне арналған). Барлығы НЗМ-нің 131 педагогі қатысты.

#### 4. Оқыту тренингтері (пәндер бойынша)

Жыл ішінде «Математика», «Физика» (NIS Atyrau), «Информатика», «Биология» (NIS Shymkent-Karatau), «Химия» (NIS Pavlodar), «Русский язык и литература (Я1)», «Русский язык и литература (Я2)», «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т1)», Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2)», «Қазақстан тарихы» пәндерінен оқыту тренингтері өткізілді: 252 педагог тренингке қатысып оқыды.

#### 5. Тамыз конференциясы аясындағы тренингтер

Негізгі және жоғары мектептердің 19 пәнінен Зияткерлік мектептер мұғалімдеріне арналған оқыту тренингтері. Барлығы 1 003 педагог оқып шықты.

#### 6. CLIL семинарлары

NIS (Ақтау, Атырау, Ақтөбе, Орал, Петропавл) педагогтеріне 5 семинар өткізілді: 8 пәннен (Ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, география, Құқық негіздері, химия, биология, физика, информатика) сабақ беретін 117 мұғалім оқыды.

### 3.4. Педагогтердің жетістіктері

**250** адам

халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысты

**63** адам

республикалық конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанды

**230** адам

республикалық білім беру конкурстары мен олимпиадаларына қатысты



**«Үздік педагог», ҚР ОАМ** – Александр Шерцер, информатика пәнінің педагог-сарапшысы, NIS Kostanay.

Мұғалімнің жұмысы мемлекеттік деңгейде де жоғары бағаланды. А.Шерцер «Шапағат» мемлекеттік медалінің және Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері, «Қазақстан мұғалімі» ұлттық сыйлығының үздік ондығы қатарында, сондай-ақ «Үздік авторлық бағдарлама» байқауының лауреаты.

**«Үздік авторлық бағдарлама», ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО**

**1-орын:** Наталья Ким, NIS Taldykorgan, информатика, «CodeQuestC++: олимпиадаға жол»

Марал Жунусбаева, NIS Astana-Nura, география, «Ғылымдардың интеграциясы: геология негіздері»

**2-орын:** Алмас Садвакасов, NIS Kostanay, география, «Тұрақты даму географиясы»

Сымбат Мажиков, NIS Semey, ағылшын тілі, «NUET үшін сыни ойлау және есеп шығару»

**Грамота** – Абдрашитова Жансая, NIS Astana, тарих



**«Математикалық регата», ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО,**

**NIS командасы – 3-орын:**

Дидар Амирулы, NIS Almaty-Medeu

Талгат Кадыров, NIS Shymkent-Karatau

Ербол Жылкыбаев, NIS Semey

Бекасыл Айгараев, NIS Atyrau



Олимпиаданың барлық төрт кезеңінде қатысушылар жоғары білім деңгейін, логикалық ойлау қабілетін және командада жұмыс істеу дағдыларын көрсетті.

### Science on Stage 2025 ұлттық кезеңінің жеңімпаздары

STEM жобалары 2026 жылдың мамыр айында Литваның Клайпеда қаласында өтетін Science on Stage Europe фестивалінде ұсынылады



Иманшарипова Арман,  
NIS Astana



Дузбаева Малика,  
Токтарбекова Акмарал  
NIS Oskemen



Шоқанов Бауыржан,  
Мандибаева Лаура  
NIS Aktobe



**«Талантты мұғалім – дарынды балаларға», «Дарын» РҒПО**

**3-орын**

Каримова Адалатхан  
Муслимовна,  
NIS Turkistan

### IMPACT 2025

Олимпиада резерві мұғалімдері мен жаттықтырушыларының

VIII Халықаралық ашық шығармашылық байқауы, **33 жүлдегер** мен жеңімпаз, физика, математика, информатика мұғалімдері.

**Ең жоғары нәтиже:**

математика – Мухитов Акрам,  
NIS Shymkent-Abay;  
физика – Чакенов Ернур,  
NIS Almaty-Nauryzbay;  
информатика – Асылбек Диас,  
NIS Kyzylorda



**«Жылдың үздік психологі»,  
ҚР ОАМ «Дарын» РҒПО,**

**Жүлдегерлер:**

Камидоллина Перизат  
Ербулатовна, NIS Aktobe;  
Боранқұл Раушан Исақызы,  
NIS Turkistan

NIS Petropavl педагогтері Сатанова Гульмира Алексеевна мен Артымбаева Ботагоз Нургажаевна **АҚШ-тың Чикаго қаласында өткен «Integrity is Fair» халықаралық академиялық адалдық орталығының конференциясында** Зияткерлік мектептердегі академиялық адалдықты қалыптастыру тәжірибесі бойынша баяндама жасады.



## 4. Мектеп қоғамдастығының әл-ауқаты

### 4.1. Оқушылардың әл-ауқаты

**77,7 %**

#### Оқушылар әл-ауқатының индексі

2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы индекс **16,5%-ға** өсті

##### Индекс компоненттері

Педагогтер

Ата-аналар

Денсаулық

Ережелер, рәсімдер және саясат

Ғимарат, қауіпсіздік

Материалдық әл-ауқат

Қарым-қатынас

Мүмкіндіктер

Психологиялық қолдау

Бағалау

Кәсіби бағдарлану

Мектепке қанағаттану

##### Дереккөздер:



##### Сауалнамаға қатысты:

**15 364** оқушы (77,4%)

**11 215** ата-ана (56,5%)



##### 115 сұхбат өтті

### 4.2. Педагогтердің әл-ауқаты

**78,6 %**

#### Педагогтер әл-ауқатының индексі

2024 жылмен салыстырғанда, 2025 жылы индекс **1,4 % -ға** өсті

##### Индекс компоненттері

Жұмысты орындау

Жұмыстың сипаты мен құндылығы

Қарым-қатынас

Әріптестермен қарым-қатынас

Басшымен қарым-қатынас

Жалақы

Әртүрлі сыйақы

Ілгерілету

Қызметкерлердің қатысуы

##### Дереккөздер:



##### Сауалнамаға қатысты:

**2169** педагог (92,9%)

**78,7 %** педагогтердің қанағаттану көрсеткіші

**78,6 %** педагогтердің қатысу көрсеткіші

### 4.3. Психологиялық қызмет

2025 жылы Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтері мектеп қоғамдастығына жан-жақты психологиялық қолдау көрсетті. Бұл көмек оқушылардың әл-ауқатын қолдауға, білім беру ортасында өзара әрекеттесу сапасын көтеруге және қолжетімді психологиялық көмек көрсетуге бағытталды.

 **18 483** консультация өткізілді

**75 %**

Оқушылар

**15 %**

Педагогтер

**10 %**

Ата-аналар



7-сыныптарға арналған бағдарлану аптасы

**2 913**  
оқушы



«Берік отбасы» бағдарламасы

**1 769**  
оқушы



«Калейдоскоп» үлкен психологиялық ойыны

**2 432**  
оқушы



7-9-сыныптарға арналған тұлға ретінде даму курсы

**9 700**  
оқушы

В Буллинг деңгейі 2024 жылмен

салыстырғанда **32 %** -ға төмендеді



Оқушыларға **5 230** KiVa сабағы өткізілді



**88** педагог оқыды



Турку университеті қызметкерлерінен оқып, **30** сертификатты тренер дайындалды






**85** жалпы білім беретін мектеп те KiVa бағдарламасын жүзеге асырады



#### 4.4. Медициналық қызмет

2025 жылы мектептердің медициналық қызметтері оқушылардың денсаулығын қорғау және нығайту, саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ мектептерде санитарлық-профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралардың сақталуын қамтамасыз ету бағытында қызмет атқарды.



#### Аурулардың алдын алу және саламатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары



##### Оқушылар үшін

Жедел респираторлық аурулардың, миопияның алдын алу, теңдестірілген тамақтанудың, физикалық белсенділіктің және серуендеудің маңызы, ұйқының рөлі және басқа да тақырыптар.



##### Ата-аналар үшін

Вакцинацияның мәні мен маңызы, уақтылы медициналық көмек көрсетілуі, оқушының күн тәртібі мен тамақтану режимінің маңызы.



##### Мектеп қызметкерлері үшін





Алғашқы жедел көмек көрсету, физикалық белсенділік және спорттың оқушылардың когнитивтік қабілетіне әсері, көз гимнастикасы және басқа да тақырыптар.

Дереккөз: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

#### 4.5. Оқушыларды тамақтандыру жүйесі

2025–2026 оқу жылының басынан бастап білім беру ұйымдарында Тамақтанудың жаңа стандартының енгізілуіне байланысты мектептерде жаңа теңдестірілген мәзір әзірленді. Онда ақуыз бен көкөністердің, жасұнықтың үлесі көбейтіліп, мәзірдің әртүрлі болуы қамтамасыз етіліп, қарапайым көмірсулар мен тұздың мөлшері азайтылды.

Сонымен қатар 2025 жылы оқушыларға екінші ыстық тағамдар мен гарнирлердің екі нұсқасының бірін таңдауға мүмкіндік беретін жоба жалғастырылды.



Жыл бойы мектеп оқушыларына теңгерімді тамақтанудың, таңғы астың маңызы, дәрумендердің пайдасы, тұз бен қантты шамадан тыс тұтынудың зияны, сондай-ақ уланудың алдын алу мәселелері жөнінде дәрістер, әңгімелер және өзге де іс-шаралар өткізілді.



## 5. Білім сапасын бағалау

### 5.1. Оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жасау



қаңтар айында

**11 916** оқушы

қатысты



қыркүйек айында

**11 460** оқушы

қатысты

7–10-сынып оқушыларына:

- «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінен жылына 2 рет өткізіледі
- «Русский язык и литература (Я2)»
- «Ағылшын тілі»
- «Математика» пәндерінен жылына 2 рет өткізіледі

Мониторинг жасауға 410 тапсырма және 95 ресурс дайындалды. Зияткерлік мектептерге жұмысты ары қарай ұйымдастыру үшін:

- жеке егжей-тегжейлі **100 428** есеп;
- жеке прогресс туралы **40 268** есеп;
- сыныптар мен параллельдер деңгейіндегі **732** егжей-тегжейлі есеп;
- **1** талдау есебі ұсынылды.

#### 7–10 сынып оқушыларының «Математика» пәнінен оқу жетістіктерінің деңгейлері бойынша нәтижелері



### 5.2. Зияткерлік мектептердегі критериал бағалау жүйесі

#### Әдістемелік қолдау және бағалау сапасын қамтамасыз ету

NIS-тің 631 мұғаліміне бағалау бойынша мынадай тақырыптарда оқыту іс-шаралары өткізілді:

- Мектеп практикасында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау;
- Оқу үдерісін жақсарту тәсілі деректері негізінде шешім қабылдау;
- Тест тапсырмаларын құрастыру және бағалау тәсілдерін қарастыру бойынша вебинар.



#### Бағалау жөніндегі нормативтік құжаттарды қайта қарау және өзектендіру:

- Критериал бағалау моделі
- Критериал бағалау ережелері


#### NIS-Programme 2.0 бағдарламасын енгізу аясында:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың **33** тест спецификациясы жаңартылды
- **1 621** тапсырма және **490** әдістемелік ресурс әзірленіп өзектендірілді

#### Жиынтық бағалау құралдарының сапасын қамтамасыз ету

- «Бағалау» АЖ платформасында тоқсандық жиынтық бағалаудың **8500**-ден астам тапсырмасына онлайн сараптама жасау.


### 5.3. 12-сынып оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауы (ЖБ)



Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалау қорытындысы бойынша дайындалды:

- **2 677** жеке ведомость;
- мектеп және пән деңгейінде **200** ведомость;
- оқушылардың сыртқы жиынтық бағалау жауаптары үлгілерінің **14** жинағы;
- **2** талдау есебі.

Пәндер бойынша **A\*** және **A** әріптік бағаларын алған Зияткерлік мектептер мен әлемнің 12-сынып оқушыларының нәтижелері, %




Зияткерлік мектептер түлектерінің жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша нәтижелерін A-Level емтихандарын тапсыратын әлемнің 130-дан астам елінің оқушыларының нәтижелерімен салыстыруға болады.

Физика және биология пәндері бойынша нәтижелер жоғары.

### 5.4. Оқушылардың когнитивтік емес дағдыларын бағалау

#### Негізгі нәтижелер мен іс-шаралар

- Сенімді деректер жинау және дереккөздердің триангуляциясын қамтамасыз ету мақсатымен кураторлар мен мұғалімдер оқушылардың когнитивтік емес дағдыларын бағалау үшін сауалнама әзірледі.
- 2025 жылы сауалнамаға қатысты:
  - 7, 9 және 11-сыныптардың **9283** оқушысы;
  - **650** мұғалім;
  - **262** куратор.



#### Жеке есептерді ұсыну автоматтандырылды:

- оқушылар нәтижелер мен жеке ұсынымдарға жеке кабинеттер арқылы қол жеткізе алады

#### Талдау есептері дайындалды:

- сыныптар бойынша
- білім беру ұйымдарына арналған жалпымектептік есептер

#### Когнитивтік емес дағдыларды дамыту және атаулы қолдау көрсету мақсатымен әзірленді:

- педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар
- ата-аналарға арналған ұсынымдар: «Орта және жоғары мектеп оқушыларының когнитивтік емес дағдыларын дамыту»
- когнитивтік емес дағдыларды дамыту бойынша оқушыларға арналған ұсынымдар

#### Екі ұзақұқтық зерттеу аясында:

- когнитивтік емес дағдыларды бірлесе дамытудың тұрақты заңдылықтары анықталды;
- негізгі орталық дағдылар анықталды:



Жауапкершілік



Бейімділік



Энергияны реттеу



Мақсаттарды реттеу




Ақпаратты өңдеу

## 5.5. Зияткерлік мектептерді аккредиттеу

2025 жылы Атырау мен Ақтау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептеріне командалық сапарлар ұйымдастырылды. Олардың қорытындысы бойынша Council of International Schools (CIS) халықаралық ұйымының сарапшылары білім беру қызметтерін көрсету деңгейінің халықаралық стандарттарға сәйкес екенін растады.

Мектептер қайта аккредиттеуден өтті.



CIS-тің мектептерге командалық сапарларының кестесі

**Сәуір 2025 ж. –**

NIS Atyrau

**Қазан 2025 ж. –**

NIS Aktau

**Nazarbayev Intellectual School of Chemistry and Biology in Atyrau**  
Kazakhstan

Has achieved **International Accreditation**, a mark of recognition held exclusively by schools around the world that exemplify high quality standards in international education.

Conferred by the CIS Board of Trustees

**Re-Accredited May 2025**

Jane Larsson  
Executive Director

**CIS** COUNCIL OF INTERNATIONAL SCHOOLS  
Shaping the future of international education

**Nazarbayev Intellectual School of Science and Mathematics in Aktau**  
Kazakhstan

Has achieved **International Accreditation**, a mark of recognition held exclusively by schools around the world that exemplify high quality standards in international education.

Conferred by the CIS Board of Trustees

**Re-Accredited November 2025**

Jane Larsson  
Executive Director

**CIS** COUNCIL OF INTERNATIONAL SCHOOLS  
Shaping the future of international education



**21** аккредиттелген мектеп, оның ішінде  
**16** қайта аккредиттелген мектеп



NIS Turkistan 2025 жылдың сәуірінде Council of International Schools (CIS) халықаралық аккредиттеу мүшелігіне өтті.

## 6. Оқушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері

### 6.1. Оқу үлгерімі және білім сапасы

#### КОНТИНГЕНТ



**10 894**

Қазақ тілінде оқытындар



**6 230**

Орыс тілінде оқытындар

**17 124**

Барлығы\*



### 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасы



**100 %**

Оқу үлгерімі



**87,2 %**

Желі бойынша білімнің орташа сапасы



**88,8 %**

Негізгі мектептегі білім сапасы



**83,7 %**

Жоғары мектептегі білім сапасы

### Негізгі және жоғары мектепті үздік аттестатпен және «Алтын белгімен» аяқтаған оқушылар

#### 10-сынып

##### Үздік аттестат



**262**

оқушы

#### 12-сынып

##### Алтын белгі



**57**

оқушы

##### Үздік аттестат




**244**

оқушы


\* 2024-2025 оқу жылының соңындағы деректер

### 6.3. Халықаралық емтихандар нәтижелері

#### SAT нәтижелері




#### IELTS нәтижелері



[collegeboard.org](https://collegeboard.org) сайтының ресми деректеріне сәйкес, 2024–2025 оқу жылында 12-сынып оқушыларының орташа нәтижесі **1306** балл болды. Деректер тест тапсырған **1927** қатысушының нәтижелері негізінде жасалған.

2025 жылы **2068** оқушы IELTS сертификатын алды. 2025 жылы IELTS-тің орташа көрсеткіші **7,0** балл болды.

### 6.4. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі



# 2

бөлім

## Қазақстан: білім беру саласында зияткерлік капиталды дамыту

1. БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ .....	58
1.1. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер .....	58
1.2. Білім беру платформалары мен алаңдары .....	60
1.3. Әдістемелік өнімдерді басып шығару .....	64
2. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ .....	66
2.1. Тәрбие жұмысы .....	66
2.2. Кітапханалар .....	67
2.3. Роботтехника .....	68
3. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН КӘСІБИ ДАМУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ӨЗГЕРІСТЕР КӨШБАСШЫЛАРЫН ДАЯРЛАУ .....	70
3.1. ҚР педагогтерінің білігін көтеруге арналған оқыту бағдарламалары	70
3.2. Көшбасшылық бағдарламасы бойынша ҚР педагогтерінің білігін көтеру .....	71
3.3. Қазақстан Республикасы педагогтерінің білігін көтеру .....	72
3.4. Педагогтерді әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу және курстан кейін қолдау көрсету .....	73
4. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫН ДАМУ .....	74
4.1. 2025–2029 жылдарға арналған ДББҰ тәжірибесін тарату тұжырымдамасы .....	74
4.2. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы .....	74
5. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ АККРЕДИТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІК .....	76
5.1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Аккредиттеу органының 2025 жылдағы қызметі .....	76



# 1. Білім беру ресурстары

## 1.1. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер



Жалпы білім беретін мектептерде пайдаланылатын

қайта қаралған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер

### 4-сынып

#### ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ

Бигазина П. К., Жаманкулова А. Ж.,  
Кажекенова Э. А., Тураканова Г. А.,  
Хонтай М. К., Сламбекова Н. М.



ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕР Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 22 мамырындағы №216 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған жекелеген пәндер бойынша оқулықтар мен базалық оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығына енгізілді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылдың 3 маусымындағы №132 бұйрығы).



### 7-сынып

#### КӨРКЕМ ЕҢБЕК

(Қыз балаларға арналған нұсқа)  
**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД**  
(Учебник для девочек)

Сейтмолдинов Д. Н., Төлегенова А. З.,  
Дуйсенова Б. Ж., Жолдасбекова С. А.,  
Құлбекова Ж. С., Құрабаева Ф. А.



#### КӨРКЕМ ЕҢБЕК

(Ұл балаларға арналған нұсқа)  
**ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТРУД**  
(Учебник для мальчиков)

Сейтмолдинов Д. Н., Жақманов М. К.,  
Құлбекова Ж. С., Пак О. А., Хасенов З. Н.,  
Құрабаева Ф. А.



## 1.2. Білім беру платформалары мен алаңдары

### Жүйелік-әдістемелік кешен

NIS Ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығының техникалық қолдау көрсетуімен әзірленген, елдегі орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Жүйелік-әдістемелік кешен» (бұдан әрі – ЖӘК) платформасы қызмет көрсетуін жалғастыруда.



#### ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК МАТЕРИАЛДАР

Сабақ жоспарлары, презентациялар, дидактикалық материалдар, әдістемелік ұсынымдар, оқу бағдарламалары, КТЖ және т.б.



#### МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР

Аудио және бейнематериалдар, медиадидактика, цифрлық білім беру ресурстары, онлайн-курстар мен семинарлар



#### БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ

Критериал бағалау материалдары, функционалдық сауаттылықты көтеруге арналған материалдар (PISA-2022)



#### АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚИТУҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ КЕШЕНДЕРІ

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқулықтардың электрон нұсқалары, ағылшын тіліндегі оқу материалдары

**195 796**

ЖӘК жүйесінің барлық бөлімінде жарияланған файлдардың жалпы саны

**454 537**

Пайдаланушылардың жалпы саны


**3 961**

2025 жылы тіркелген жаңа пайдаланушылар саны



Суретте «Яндекс Метрика» веб-қызметіне сәйкес (1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығы) күнделікті қаралымдар санының графигі берілген. Деректер есептік кезеңнің соңында қаралымдар саны 5,5 мың болғанын айғақтайды. Қаралым (келушінің қараған беттерінің саны)

7,19 мың, сайтта болу уақыты (минут және секундпен есептелген орташа ұзақтығы) – 05:57. Диаграммаға сәйкес, 91,2 мың пайдаланушы ЖӘК-ке (Оқу-әдістемелік кешенге) іздеу жүйелері арқылы өтсе, 48,6 мың пайдаланушы ЖӘК-ке тікелей сілтеме арқылы кірген.



Веб-қызмет деректері бойынша есептік кезеңде сайтта 129,6 мың жаңа пайдаланушы және 6,8 мың қайта кіріп көруші тіркелген. Жаңа пайдаланушылардың басым болуы сайтқа жаңа аудиторияның жүйелі келуін және аудитория-

ның кеңеюін көрсетеді. Сонымен қатар қайта кіріп көруші пайдаланушылар саны сайттағы контентке қызығушылық бар және оның сұранысқа ие екенін және тұрақты аудиторияның қалыптасып жатқанын нақтылайды.




## Beuim Ustaz білім беру платформасы

2025 жылы Beuim Ustaz платформасы Қазақстан Республикасында авторлық құқықпен қорғалатын объектілер тізіліміне енгізілді.

Тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы анықтама автомат беріледі.

Платформаны «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәжірибесін тарату аясында кеңейту: Инновациялар орталықтарының бірыңғай цифрлық кеңістігін қамтамасыз ету, үдерістерді стандарттау, қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Тыңдаушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеріп, курстар мен іс-шараларды дербес іріктеу, оқытудың тиімділігін көтеру және жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру.



## Жас ұстаз: табысқа апарар жол

## Жас педагогтерді қолдау және тәжірибе алмасу



15 өңірлік форум

Республикалық форум



### Танымал форматтар



«Қиынды оңай қиыстыру» лайфхактар байқауы



Reels  
«Жас педагог: басқа сабақтар»



Подкаст  
«Педагогикалық дуэт»

Instagram: [Jas\\_ustaz\\_official](#)




Бір жылдағы жарияланым саны  
**357**



### «Кәсіби ұстаз»

Ауыл мектептері педагогтерінің тәжірибесін таратуға арналған онлайн алаң



### 1.3. Әдістемелік өнімдерді басып шығару

#### Әдістеме құралдары

**30** әдістеме құралы әзірленді, оның ішінде:



#### Авторы

NIS мұғалімдері – **20**

ПШО қызметкерлері – **16**

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері – **30**

Білім беру басқармасы – **1**




#### «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журналы

- № 1 (51) 2025 «Командалық жұмыс: табысқа жету бағдарлары»
- № 2 (52) 2025 «Ауыл мектебі: тең мүмкіндіктерге жол»
- № 3 (53) 2025 «Цифрлық дәуірде мектептегі білім беру: негізгі трендтер мен сын-қатерлер»
- № 4 (54) 2025 «Бүгінгі педагогтердің қайта даярлануы»



DOI-мен (цифрлық объектінің бірегей идентификаторы) **38** мақала жарияланды



## 2. Қосымша білім беру

### 2.1. Тәрбие жұмысы

Өскелең ұрпақты идеологиялық тәрбиелеу аясында білім алушыларды тәрбиелеу мен оқыту жүйесінің тәжірибелері таратылды.

■ Форумдар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. – **56**

■ Семинарлар – **162**


■ Тағылымдамалар – **45**

■ Шеберлік сыныптары – **49**



**312**

Тәжірибені тарату аясында өткен іс-шаралар саны



**4778** тәжірибені таратуға қатысқан қатысушылар саны.

**Оның ішінде:**

қала мектептерінен – **1726**  
облыс мектептерінен – **1063**  
тірек мектептерден – **1515**  
Республикалық/желілік мектептерден – **474**



**1293** мектеп

**Оның ішінде:**

қала мектептері – **582**  
облыс мектептері – **399**  
тірек/ауыл мектептері – **251**  
Республикалық/желілік мектептер – **61**

### 2.2. Кітапханалар

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханалары интерактив әдістер, сабақтарды кіріктіру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы оқушылардың оқу мәдениетін және ақпараттық сауатын көтеруге ықпал етіп, саналы оқу, ақпарат талдау және онымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

#### 2025 жылы жүзеге асырылған жобалар



**BOOKCROSSING**

Ауыл мектептеріне **6158** кітап табысталды



**Кітап сыйы – 2025**

**5876** қатысушы



**«NIS-пен бірге оқиық»**

Bilimland қоры мен электрон ресурстарына және Gale-нің 25 дерекқорына еркін қол жеткізу қамтамасыз етілді.

Тәжірибе тарату аясында 1650 мектепте 160 іс-шара өткізіліп, 1923-тен астам педагог онлайн және офлайн форматта оқыды. Сонымен қатар ауыл мектептерінде 56 семинар ұйымдастырылды.



NIS Semey оқушысы **The Gale Blog Post Competition** жеңімпазы атанды.

## 2.3. Роботтехника

2014 жылдан бастап «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Қазақстанда Дүниежүзілік роботтехника олимпиадасының (WRO) халықаралық стандарттарын енгізудің ресми операторы болып саналады. Ұйым өңірлік кезеңдерден әлемдік біріншілікке қатысатын ұлттық құраманы қалыптастыруға дейінгі жүйені толық қамтамасыз етеді.

Барлық жас санатын, RoboMission, Future Innovators, RoboSports және Future Engineers санаттарын қамтып, әрбір оқушыға инженерия мен бағдарламалау әлеміне жол ашып береді.

### Өңірлік жарыстар



### Республикалық жарыстар



### WRO 2025 Дүниежүзілік олимпиадасының финалы

Олимпиаданың халықаралық кезеңіне: жалпы білім беретін мектептің 9 оқушысы және Зияткерлік мектептердің 14 оқушысы қатысты.

### FIRST Global Challenge халықаралық жарысы



2025 жылы Алматы қаласындағы NIS оқушыларынан құралған Қазақстан құрамасы (Досымжан Рашат, Дәулет Ілияс, Әлихан Орынбасаров, Мадияр Әсетұлы және Нұрасыл Тұрсымбаев) Панамада өткен жарыста роботтехника бойынша төртінші рет әлем чемпионы атанды.

Әлемнің 190 елінен келген командалармен бәсекеге түсіп, оқушыларымыз ең беделді номинациялар бойынша екі жоғары марапатқа ие болды: GRAND CHALLENGE AWARD (алтын медаль) және ALBERT EINSTEIN AWARD (алтын медаль).

### 3. Қазақстан Республикасының педагогтерін кәсіби дамыту және білім беру саласында өзгерістер көшбасшыларын даярлау

#### 3.1. ҚР педагогтерінің білігін көтеруге арналған оқыту бағдарламалары



13 білім беру бағдарламасы әзірленді:



Мектеп басшыларының кәсіби құзыреттерін дамытуға арналған **1 бағдарлама**.

Білім беру ұйымдарының басшыларына арналған



Сабақ барысында АКТ мен жасанды интеллектіні қолдану бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға арналған **6 бағдарлама**.

жалпы орта білім беретін ұйымдар педагогтеріне арналған

Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласында педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға арналған **5 бағдарлама** (оқушылардың функционалдық сауаттылығы, оқыту және бағалау, қауіпсіз білім беру ортасын жобалау).



Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттерін дамытуға арналған **1 бағдарлама**.

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған

«Өзгерістер көшбасшылары: заманауи мектепті басқаруға жаңаша көзқарас» бағдарламасы ACQUIN агенттігінің халықаралық сертификаттауынан өтті.



\* Барлық бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің онлайн-реестріне енгізілген.

#### 3.2. Көшбасшылық бағдарламасы бойынша ҚР педагогтерінің білігін көтеру



Жобаға қатысуға өтінім берген үміткерлер саны (beyim.edu.kz)

**2 324**



Оқуды бастағандар саны

**800**



Республикалық кадр резервіне енгендер саны

**403**

«Мектеп директорлары орынбасарларының кадр резерві: басқару кіріспесі және әлеуетті көтеру» бағдарламасын іске асыру



Оқуды бастағандардың саны

**1 400**



Оқуды сәтті аяқтағандардың саны

**1 263**



\* Жоба Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылдың 18 маусымындағы №144 бұйрығына сәйкес іске асуда (бұрынғы №57 бұйрық).

### 3.3. ҚР педагогтерінің білігін көтеру



ПШО және оның филиалдарында педагогтердің білігін көтеру курстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 28 қаңтарындағы №95 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін сүйемелдеу ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

### 3.4. Педагогтерді әдістемелік сүйемелдеу және курстан кейін қолдау көрсету



#### «Кәсіби диалог: Lesson Study оқытуды қалай өзгертеді» II Ұлттық конференция өткізілді

- 2025 жыл 23–25 сәуір Алматы қаласы
- Lesson Study тәжірибесін тарату және кәсіби диалог
- Қатысушылар:**
  - 543** Қазақстан Республикасының педагогі
  - 42** Қырғыз Республикасының педагогі
  - 18** отандық және халықаралық сарапшы



Білік көтеру курстарынан өткен педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылдың 3 қазанындағы №415 бұйрығына сәйкес іске асырылады.


## 4. Қазақстандағы мектептердің кәсіби қоғамдастығын дамыту

### 4.1. 2025–2029 жылдарға арналған ДББҰ тәжірибесін тарату тұжырымдамасы

ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген (2025 жыл 11 қыркүйек, №42 хаттама), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен келісілген (2025 жылдың 22 шілдесіндегі №3125–20-5-6188/20-5 хаты).

### 4.2. «Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы

#### Тірек мектептермен жұмыс істеу моделі



#### Жоба ауқымы



**193** мектеп

**17** өңір

**167** аудан

**27** моноқала



**12 650** педагог



**136 675** оқушы

#### I. Кәсіби даму бағыттары

- 6 934** педагог сауалнамаға қатысты
- 10 850** әдістемелік іс-шара өткізілді
- 152** сапар ауыл мектептеріне ұйымдастырылды
- 35** NIS мектептерінде 35 тағылымдама өткізілді
- 465** педагог білік көтеру курстарында оқыды
- 1 120** ресурс (KiVa бағдарламасы бойынша) мектептерге берілді
- 14** педагог WALs – 2025 халықаралық конференциясында (Хиросима қ., Жапония) зерттеулерін ұсынды
- 35** оқушы (ауыл мектептерінен шыққан) NIS-ке іріктеуден сәтті өтті

#### II. Оқушылардың оқу жетістіктерінің цифрлық профилі



**6 934**

4 және 8-сынып оқушысы (108 ауыл мектебінен келген) мониторингіге қатысты



**69 856**

жеке егжей-тегжейлі есеп мектептерге талдауға және жұмысын бағалауға берілді

#### III. Тәжірибе алмасуға арналған республикалық алаңдар

##### Ауыл мектебінде өткен Тамыз конференциясы

**193** директор мен **4 000** мұғалім

##### «Кәсіби ұстаз» онлайн-платформасы

Қазақстан мектептерінің **4 600** мұғаліміне арналған **235** шеберлік класы

##### Көктемгі әдістемелік интенсив

**500** педагог

##### Жас мұғалімдер форумы

**300** педагог

#### IV. Нәтижеге объективті көзқарас

2025 жылдың мамыр айында сауалнама таратылды.



**6 315**

респондент



**8,87** /10



## 5. Білім беру ұйымдарын бағалау және аккредиттеу жөніндегі тәуелсіз агенттік

### 5.1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Аккредиттеу органының 2025 жылдағы қызметі

2025 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ аккредиттеу органы орта білім беру ұйымдарын сыртқы бағалау жүйесін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған қызметін жалғастырды. Жыл бойы аккредиттеу стандарттары мен құралдары әзірленіп, сынақтан өткізілді және жетілдірілді, сондай-ақ аккредиттеу процедураларының іске асырылуын қамтамасыз ететін реттеуші нормативтік құқықтық актілер жүйеленді.



Орта білім беру ұйымдарын бағалау 6 бөлімнен тұратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Аккредиттеу органы әзірлеген 33 стандарт негізінде жүзеге асырылады

### Аккредиттеу бағыттары



Практикалық тұрғыдан Ұлытау, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы үш білім беру ұйымында дайындық кезеңі мен алдын ала бағалау кезеңі ұйымдастырылды; мектептердің бірі өзін-өзі бағалау кезеңіне өтті.

Сонымен қатар аккредиттеу бойынша білікті сарапшыларды даярлауға бағытталған оқыту іс-шараларының үш легі, сондай-ақ жұртшылықты «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ аккредиттеу органында орта білім беру ұйымдарын аккредиттеуден өткізу мүмкіндігі туралы хабардар етуге арналған ақпараттық-оқыту іс-шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

Summary of accomplishments:

- 12** нормативтік құжат бекітілді
- 59** сарапшы сертификат алды
- 1** мектеп өзін-өзі бағалау кезеңіне өтті
- 3** мектеп 2025 жылы аккредиттеуден өтуге өтінім берді
- 200** мектептің 2030 жылға дейін аккредиттеуден өтуі жоспарланып отыр (2035 жылға дейінгі ДББҰ стратегиясына сәйкес)



# 3 бөлім

## Әлем: Global education brand


- 1. NIS-PROGRAMME ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖӘНЕ NIS СЕРТИФИКАТЫН ТАЛУ .....3
  - 1.1. NIS-Programme бағдарламасы мен NIS сертификатын Қазақстандағы білім беру ұйымдарының тануы .....3
  - 1.2. NIS-Programme бағдарламасы мен NIS сертификатын шетелдік білім беру ұйымдарының тануы .....4
- 2. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ .....5
  - 2.1. Стратегиялық серіктестік.....5
  - 2.2. Халықаралық ынтымақтастық.....7
- 3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН КОНФЕРЕНЦИЯЛАР .....9
  - 3.1. Қызметкерлердің халықаралық конкурстары мен конференциялары .....9
  - 3.2. XIV Халықаралық NIS Conference – 2025 ..... 13



# 1. NIS-Programme оқу бағдарламасын және NIS сертификатын тану

## 1.1. NIS-Programme бағдарламасы мен NIS сертификатын Қазақстандағы білім беру ұйымдарының тануы



Қазақстанның **25** жоғары оқу орны NIS Programme және NIS Grade 12 сертификатын таныған




2025 жылы ХБК ҚАЗБСҚА ұйымымен меморандумға қол қойылды, оған сәйкес NIS түлектеріне оқу нәтижелеріне байланысты оқу мерзімін қысқарту мүмкіндігі берілді.

## 1.2. NIS-Programme бағдарламасы мен NIS сертификатын шетелдік білім беру ұйымдарының тануы

**73** шетелдік жоғары оқу орны NIS Programme және NIS Grade 12 сертификатын таныған



NIS Programme және NIS Grade 12 сертификатын **10** халықаралық ұйым таныған



2025 жылы Италия университеттеріне түсіп білім алуы үшін NIS түлектерінің білім деңгейін растау туралы CIMEA-мен (Италия) меморандумға қол қойылды.

## 2. Халықаралық ынтымақтастық

### 2.1. Стратегиялық серіктестік



2025 жылы қарашада Кембридж қаласында (Ұлыбритания) стратегиялық серіктестермен бір жыл ішіндегі ынтымақтастық іс-шараларын талқылау кездесуі өтті.



Кездесу барысында өткен жылғы бірлескен жұмыстың қорытындылары қаралып, іске асырылып жатқан жобалардың нәтижелері талқыланды. Сондай-ақ негізгі жетістіктер мен мәселелер анықталды.

Кездесу білім сапасын бағалау саласындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға және ендігі жұмыс барысы қадамдарын келісуге мүмкіндік берді.



2025 жылдың қазан айында стратегиялық серіктес Cito өкілдерімен Арнем (Нидерланды) қаласында оқушыларды конкурс арқылы іріктеу тестілерін дайындау және жинау мақсатымен жұмыс кездесуі өтті.



Кездесу барысында тест формаларын әзірлеу және жинау мәселелері, тапсырмаларды іріктеу мен теңгерімдеу принциптері, тесттердің жарамдылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ бағалау материалдарының белгіленген талаптарға және халықаралық стандарттарға сәйкестігі талқыланды.



Турку университетімен серіктестік аясында мынадай қызмет бағыттары жалғасын тапты:

- **108** мектеп (21 NIS, 2 Steppe Schools, 85 жалпы орта мектеп) KiVa антибуллинг бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды;
- **104 000-нан** астам оқушы KiVa антибуллинг бағдарламасы аясында жыл сайынғы сауалнамаға қатысты;
- **30** ДББҰ қызметкері оқып, KiVa антибуллинг бағдарламасының сертификатталған тренерлері атанды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ мен Council of International Schools (CIS) арасындағы ынтымақтастық 2010 жылдардың ортасында басталды. Сол кезден желідегі мектептер халықаралық кәсіби қауымдастыққа қосылып, аккредитация рәсімінен өтуге кірісті.

2016 жылы бірінші Зияткерлік мектеп CIS сертификатын алды. Бұл халықаралық деңгейде білім сапасын танытуға бағытталған маңызды қадам еді. Кейін басқа мектептер де аккредитациядан және қайта аккредитациядан жүйелі өтіп, оқу бағдарламаларының сапасы, бағалау жүйесі, оқушылардың қауіпсіздігі мен әлауқатының халықаралық стандарттарға сәйкестігін растады.

Халықаралық білім сапасының жаһандық белгісі болып саналатын CIS аккредитациясын әлемнің алдыңғы қатарлы университеттері мойындаған. Бұл НЗМ түлектерінің академиялық ұтқырлығын және бәсекеге қабілетін күшейтуге мүмкіндік береді.

## 2.2. Халықаралық ынтымақтастық

### Тәжікстан Республикасымен ынтымақтастық



Еуропалық Одақ жобасы аясында мектептерде критериал бағалау жүйесін енгізуге қолдау көрсетілді: **13** пән бойынша әдістеме құралдары әзірленіп, **25** маман оқып шықты.



Тәжікстан Республикасының Педагогтердің білігін көтеру республикалық институтының **10** қызметкері білім беру бағдарламаларын әзірлеу, зерттеу және оқу сапасын мониторингілеу бойынша тағылымдамадан өтті (Астана қаласы, 2025 жылғы 10–12 қазан)

### Сотрудничество с Республикой Малави



Наликуле педагогикалық колледжінің **30** педагогі педагогтердің зерттеу дағдыларын цифрлық құралдар пайдаланып дамыту тақырыбында сабақ алып, оқып шықты (2025 жыл, наурыз – желтоқсан).


### Қырғыз Республикасымен ынтымақтастық



«Тұрақты болашаққа бағытталған білім: бірге әрекет етейік» конференциясы аясында педагогтердің зерттеу дағдыларын дамытуға арналған **6** шеберлік сабағы өткізілді (Бішкек қаласы, 2025 жыл, тамыз).



Қырғызстан Республикасының **18** педагогі педагогтердің заманауи кәсіби дамуы, дерек талдау және цифрлық құралдар пайдалану тәжірибесі жөніндегі тағылымдамаға қатысты (Астана қаласы, 2025 жыл, 7 – 10 қазан).



### 3. Халықаралық байқаулар мен конференциялар

#### 3.1. Қызметкерлердің халықаралық конкурстары мен конференциялары

##### World Association of Lesson Studies конференциясы (WALS-2025)



НЗМ мұғалімі



ПШО тренері



Lesson Study нәтижелері жарияланды

Қазақстанның әлемдік білім беру қауымдастығын дамытуға қосқан үлесі ресми түрде танылды: ПШО өкілдері WALS ұйымының басқару органдары — Атқарушы комитет (ExCo) және Ұйым кеңесінің құрамына енді.

##### Collaborative Action Research Network конференциясы (CARN), Клагенфурт қаласы (Австрия)



НЗМ мұғалімі

Action Research нәтижелері жарияланды.



##### Білім берудегі бағалау жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (AEA-E) конференциясы, Гаага қаласы, Нидерланды



ПӨО қызметкері



«STEM және STEM-ге жатпайтын пәндер арасындағы креативтілік» тақырыбындағы зерттеу жұмысының тәжірибесі таныстырылды. Сондай-ақ Біртұтас бағалау жөніндегі Арнайы топтың басқарушы комитеті жұмысына қатысу қамтамасыз етілді.



##### Замбияның Ливингстон қаласында өткен Білім беру саласындағы бағалау жөніндегі халықаралық қауымдастықтың (IAEA) конференциясы.



2 ПӨО қызметкері

Қазақстан оқушыларының функционалдық сауаттылығын зерттеу нәтижелері мен E-marker платформасында сыртқы жиынтық бағалау үдерісін онлайн өткізу тәжірибесі туралы баяндамалар ұсынылды.

## Білім беру зерттеулері жөніндегі Еуропалық конференция (ECER), Белград қаласы (Сербия)



53

НЗМ мұғалімі



4

БББО қызметкері



1

ПӨО қызметкері



XXI ғасыр дағдыларын дамытуға (сыни ойлау, зерттеу және талдау дағдылары), PBL/STEM тәсілдерін және қалыптастырушы бағалауды енгізуге, сондай-ақ жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне кіріктіруге арналған баяндамалар ұсынды.



2025 жылы ДББҰ қызметкерлері және NIS Karaganda директоры жыл сайын өтетін TAICEP (халықаралық біліктілікті бағалау жөніндегі мамандар қауымдастығы), NACAC (кәсіби бағдар беру жөніндегі ұлттық қауымдастық) және CIS Global Forum (жоғары оқу орындарына қабылдау мәселелеріне арналған жаһандық форум) халықаралық конференцияларына қатысты. Конференцияларда НЗМ өз тәжірибелерін көрсетіп, NIS-Programme және NIS Grade 12 Certificate бағдарламаларын таныстырды, сондай-ақ кәсіби байланыстарды нығайтып, халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтті.

Қатысу нәтижесінде University of Turku (Финляндия), UCLL University of Applied Sciences (Бельгия) және University of North Florida (АҚШ) университеттері NIS бағдарламаларын таныды. Сонымен қатар бағдарламаларды тану жөнінде алдағы кезеңде бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жаңа байланыстарға жол ашылды.


## Виртуалды конференциялар



6

БББО қызметкері

Білім беру және педагогика саласындағы зерттеулер нәтижелерін ұсынып, бірқатар халықаралық конференцияларға қатысты.



### 3.2. XIV Халықаралық NIS Conference – 2025

#### «Цифрлық дәуірдегі мектеп білімі: негізгі үрдістер мен сын-қатерлер»



**1390**

қатысушы



**24**

шетелдік спикер



**48**


қазақстандық спикер



Әлемнің **30** елі



#### Негізгі спикерлер:




##### ДЭН ФИЦПАТРИК

Білім берудегі жасанды интеллект тақырыбындағы кітаптың авторы. Мұғалім. Білім берудегі жасанды интеллект саласының сарапшысы, Ұлыбритания

##### ТОДЖУ ДЬЮК

Bedrock AI, Diverse AI компанияларының негізін қалаушы және бас директоры, Ұлыбритания



##### ЭРИК ЧЕНГ

Yew Chung мектепке дейінгі білім беру колледжінің вице-президенті, Гонконг



##### РАЙАН БЭЙКЕР

Аделаида университетінің жасанды интеллект және білім беру профессоры, сондай-ақ Пенсильвания университетінің шақырылған профессоры (АҚШ)



Қатысуға ұсынылған **540** абстракт ішінен іріктелді:



**102**

зерттеу сессияларда баяндама жасауға



**121**

зерттеу постерлер көрмесіне



**37** тақырыптық сессия, оның ішінде:

- панельдік пікірталастар
- шеберлік сабақтары
- презентациялық сессиялар
- симпозиумдар
- Ignite-talks



Алғаш рет демонстрациялық сабақтар форматы қолданылды, онда:



##### Beyim.ai –

дербестендірілген оқытуға арналған платформа.



##### AI Sabak Track – сабақтарды

бақылау және талдауға арналған қосымша

**EdTech** – EdTech көрмесіне ұсынылғандар:




- 9** НЗМ мен оның орталықтарының IT өнімдері
- 12** EdTech-компаниясы
- 3** НЗМ-нің серіктес өндірістік компаниялары
- 6** Кітап баспасы

# 4 бөлім

## Трансформация және тұрақты даму

1. ИРГЕЛІ НЕГІЗ.....	94
1.1. Адами капиталдың құндылығы – табыстың негізгі факторы.....	94
1.2 Тұрақты даму.....	96
2. НЕГІЗГІ ҚОЛДАУШЫ ФАКТОРЛАР.....	98
2.1. Зерттеулер негізінде даму.....	98
2.2. Цифрлық экожүйе құру.....	100
2.3. Қаржы тұрақтылығы.....	104
3. ҰЙЫМДЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ.....	106
3.1. Трансформация аясындағы жобалар.....	106
3.2. Жобалық және портфельдік басқару.....	107
3.3. Өзгерістерді басқару.....	108
3.4. PR және қоғаммен байланыс.....	109
ГЛОССАРИЙ.....	110
Халықаралық олимпиадалар мен байқаулар жеңімпаздарының тізімі.....	112



# 1. Іргелі негіз


## 1.1. Адами капиталдың құндылығы – табыстың негізгі факторы

2025 жылы ДББҰ-да «Педагогикалық шеберлік орталығы», «Педагогикалық өлшеулер орталығы», «Білім беру бағдарламалары орталығы», «NIS Ақпараттық технологиялар және қызмет көрсету орталығы» филиалдарында және NIS Astana-Nura-да HR-практикалар мен құралдарды енгізу бойынша жобалар іске асырылды.

Жобаларды іске асыру аясында филиалдардың орта және жоғары буын басшылары қызметкерлерді ынталандыру, сыйақы беру және тиімді басқару заманауи құралдарын қолдану жөнінде оқып шықты.

Жобаларды іске асыру нәтижесінде филиалдарда **қызметкерлердің қызмет тиімділігін негізгі тиімділік көрсеткіштері (KPI) негізінде бағалау** жүйесі әзірленіп бекітілді. Қызметкерлердің еңбекақысы грейдтік жүйеге көшірілді.

Енгізілген жүйелердің артықшылықтары:



Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы тағайындаудың оңтайлы моделі



ДББҰ-ның стратегиялық мақсаттарын барлық деңгейдегі қызметкерлердің жеке мақсаттарына жіктеп, бейімдеу



Бүкіл ұйымдағы тиімділікті бағалаудың келісілген жүйесі



Енгізілген құралдар ДББҰ желілеріндегі қызметкерлердің тиімділігін бағалаудың кешенді жүйесінің келісілген бөлігі және ДББҰ стратегиясының көрсеткіштері үдесінен шығуды жоспарлау және мониторингілеудің тиімді тәсілі болып саналады.

2024 және 2025 жылдардағы басқару жүйелерінің тиімділігі мен ұйымдық ахуалды бағалау нәтижелерінің қорытындысы ДББҰ қызметкерлерінің қанағаттану және қатысу деңгейінің тұрақты жоғары, **81,4 %** екенін көрсетті.

## 1.2 Тұрақты даму

ДББҰ құндылықтары – жауапкершілік, әлеуметтік белсенділік және инновациялық ойлау – ESG қағидаттарымен үйлесім тауып, оқушылардың азаматтық ұстанымы мен тұрақты ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді

**Оқушылардың ESG бастамаларына қатысуы өз ішіне мынадай іс-шараларды қамтиды:**

- 1) қайырымдылық акциялары (экоакциялар саны – **329**, экоакцияларға қатысқан оқушылардың үлесі – **94%**);
- 2) волонтерлік жобалар («Қоғамға қызмет ету» аясындағы іс-шаралар саны – **236**, осы жобаларға қатысқан оқушылардың үлесі – **98%**);
- 3) ғылымға үлес қосу, қауымдастықтағы өмір сапасын жақсарту және қоршаған ортаны қорғау:




**2**  
оқушы

2–7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстар конкурсында «Медицина, психология, экология» бағыты бойынша II орын алды



**236**  
жоба

«Қоршаған ортаны қорғау» бағыты бойынша Республикалық ғылыми жобалар конкурсының (РФЖК) мектеп кезеңінде ұсынылды



**46**  
авторлық куәлік пен патенттер

БҰҰ-ның Тұрақты даму жөніндегі 17 мақсатының 14-іне жетуге үлес қосатын тұрақты даму саласындағы өнертабыстар (5 патент және 41 авторлық куәлік).

Аталған бастамалар жас ұрпақтың бойына әлеуметтік жауапкершілік сезімін, көшбасшылық және командамен жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді және ESG қағидаттарын ДББҰ-ның корпоративтік мәдениеті мен стратегиялық миссиясының ажырамас бөлігі ретінде орнықтырады.

## Тұрақты даму ДББҰ-ның қайырымдылық жобалары

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептердің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында (ҚҚ «Қазақстан халқына», ҚҚ «ФУРО» қорларымен бірлесіп) **193** ауыл мектебіне (2024: 135) әдістемелік қолдау көрсетілді.

NIS Alumni түлектер қауымдастығы «Фонд развития» корпоративтік қорының қолдауымен Астана және Алматы қалаларында қайырымдылық балдарын өткізді.

ДББҰ қызметкерлерінің **Run for Autism** қайырымдылық жүгіру жарысына қатысуы ұйымдастырылды.



### қанағаттану деңгейі

2025 г.: **86,5 %**  
2024 г.: **78 %**

### қатысу деңгейі

2025 г.: **84,4 %**  
2024 г.: **77 %**

### әлеуметтік жобаларға қатысу деңгейі

2025 г.: **71 %**

### ДББҰ және оның филиалдарының (орталықтарының) қызметкерлері

2025 г.: **84,4 %**  
2024 г.: **77 %**

## 2. 2. Негізгі қолдаушы факторлар

### 2.1. Зерттеулер негізінде даму

**40**

вебинар ғылыми мақалалар жариялауға Scopus, Web of Science және Wiley Online Library ресурстарын практикалық тұрғыдан меңгеру үшін өткізілді

**25**

Elsevier

**11**

Clarivate Analytics

**4**

Wiley Online Library

### Ғылыми-зерттеу жетістіктері

**199**

жарияланым

**41** – ҚР ҒЖБМ\* ұсынған ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға арналған басылымдарда

**56** – Journal Citation Reports деректері бойынша 1–3 квартильдегі журналдарда, оның ішінде 18%-ы — Q1

**373**

баяндама

**317** – халықаралық конференцияларда

**56** – республикалық конференцияларда

#### ДББҰ тәжірибесі

әлемнің 18 елінде өткен конференцияларда ұсынылды (АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Канада, Италия, Нидерланды, Түркия, Австрия және басқа елдерде)



### Педагогтердің зерттеу дағдыларын дамыту жобасы

**38**

жобаға қатысушы мектеп, оның ішінде

**22** НЗМ жүйесінің мектебі**16** Астана қаласының жалпы орта білім беретін мектебі**38**

бекітілген мектеп, оның ішінде

**20** ауыл мектебі**18** қала мектебі

«Қазақстандағы NIS/SHARE жобасының ықпалын зерттеу: зерттеуге негізделген практиканы ілгерілету» атты зерттеудің нәтижелері XIV NIS Conference – 2025 және CARN (Collaborative Action Research Network) конференцияларында баяндалды.

### Қатысушы мектептерді оқыту

«Мектеп және сынып деңгейінде білім беру үдерісін дамыту үшін Action Research интеграциясы» біліктілікті көтеру курсы, Кембридж (Ұлыбритания)

**Өткізілді:****3**

оқыту семинары

**5**

консультациялық-әдістемелік вебинар



## 2.2. Цифрлық экожүйе құру

**01** 2025 жылы 26 қыркүйекте IT-инфрақұрылымын жетілдіру, ақпарат жүйелерін дамыту және IT-жобаларды тиімді іске асыруға бағытталған **ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі Цифрлық даму тұжырымдамасы** бекітілді.

Тұжырымдаманы іске асыру аясында **5 топқа** бөлінген **39 жоба** жоспарланған.



**02** ДББҰ-ның 2035 жылға дейінгі цифрлық даму тұжырымдамасы негізінде **2025 жылы 16 қазанда** алға қойылған мақсаттарға жету үшін кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын **NIS цифрландыру жол картасы** бекітілді.

### Негізгі индикаторлар

IT-процестердің жетілу деңгейін көтеру


Коммерцияландыруға дайын НЗМ IT-өнімдерінің үлесін арттыру

IT-сервистердің сенімділік деңгейі


Аутсорсингке берілген IT-сервистер үлесі

Автоматтандыру деңгейін көтеру

ДББҰ-ның жалпы кірісіне қатысты IT шығындарының үлесі



Өтініштер мен тапсырмалар санының статистикасы





NIS цифрлық экожүйесін іске асыру аясында Beyim.ai платформасын әзірлеу аяқталды.




